



Экономиканың Озық индикаторы

2023 2 айы



Қазақстан экономикасының жай-күйін анықтау үшін озыңқы көрсеткіш есептеледі. Ол ЖІӨ-нің прокси индикаторы – **қысқа мерзімді экономикалық индиктор (ҚЭИ)** релін атқарады.

ҚЭИ ЖІӨ-нің 60%-дан астамын құрайтын 6 саланың нақты өсу қарқыны бойынша есептеледі. Олар: ауыл шаруашылығы, өнеркәсіп, құрылыс, сауда, байланыс, көлік және қоймаға жинап қою.


Тәуекелдер мен келешектер

2023 жылдың қаңтар-ақпанының қорытындылары бойынша біз экономикалық өсімнің бәсеңдегенін байқадық. Жыл басындағы жоғары көрсеткіштерден кейін қызмет көрсету саласы «суына» бастады. Басты себеп осы. Өнеркәсіп секторы өсіп жатқанына қарамастан, тау-кен өндіру саласында тағы да түйіткілдер пайда болды (өсім 0.5%-ға дейін қысқарды). Бұл мұнай өндірудің өткен жылдың деңгейінде қалуы себебінен орын алды. Жалпы экономиканың дамуына қатысты қазіргі жағдай біздің күткенімізге сәйкес келеді.

Біз экономиканың даму траекториясы ағымдағы деңгейінде сақталады деп санаймыз. Фискалдық ынталандыруларды кеңейту және Ұлттық қордан бюджетке түсетін трансферттерді қайта қарауға қатысты таяуда шыққан жаңалықтарды ескере отырып, біз экономиканың даму болжамын қайта қарап, оны 4.0-4.5%-ға дейін өседі деп шештік. Егер жағымсыз оқиғалар әсер етпесе, әрине.

Экономика айқынсыздықтар мен сыртқы тәуекелдердің азаюы аясында өседі. 2023 жылдың ақпанында Ғаламдық қысым индексі (GSCPI) 2019 жылдың желтоқсанынан бері тұңғыш рет орташа тарихи мәннен төмен қалыптасты. Бұл ретте инфляция бәсеңдеп, инфляциялық болжамдар біртіндеп жақсаруда. Өйткені оларды тұрақтандыру бойынша шаралар қолданылуда.


Сыртқы шарттар тарапынан қауіп-қатерлер өрмегі



Біздің болжам бойынша экономиканың басты секторлары ағымдағы жылы өседі. Бұл мына іс-әрекеттердің арқасында қамтамасыз етіледі:

- Қазақстандық мұнайды экспорттау бойынша келісімге қол жеткізу;
- мемлекет тарапынан көптеген бағдарламалар арқылы экономиканың өсуіне қолдау көрсетілуі;
- қолайлы сыртқы ахуал, онда айқынсыздықтар сейіліп, қатер төну ауқымы қысқаруда;
- негізгі капиталға инвестиция салудың артуы;
- ТШО-дағы ірі жоба есебінен мұнай өндіруді арттыру;
- баға өсімінің біртіндеп әлсіреуі, бұл сауда және құрылыс салаларының дамуына оң әсер етуде;
- еңбек нарығының өсуі және жаңа өндірістерді ашу.

ҚЭИ және ЖІӨ өзгеруінің шоғырланымдық серпіні





2023 қаңтар-ақпанының қорытындылары

2023 жылдың 2 айының қорытындысы бойынша ҚЭИ өсімі бәсеңдеп, 4.0%-ды құрады.

Қызметтер көрсету секторындағы өсімнің 7.6%-дан 5.0%-ға бәсеңдеуі салдарынан аздаған салқындық байқалады. Бұл ретте тауарлар өндірісі секторы керісінше 2.3%-дан 2.7%-ға дейін өсті.

Экономиканың басты салалары өздерінің оң серпінде дамуын жалғастырды. Бұл ретте байланыс саласында, көтерме және бөлшек саудада, көлік және қоймаға жинау, сондай-ақ тау-кен өндіру секторларында өсу қарқынының аздап төмендегені байқалды.

Нақты секторда ең жоғары өсімді құрылыс саласы көрсетті – 12.8%. Қаңтар-ақпанда тұрғын үй ғимараттары құрылысы 11.8%-ға қысқарды. Бұл ретте тұрғын үй емес орынжайлар құрылысы 35.4%-ға артып, тұрғын үй құрылысындағы қысқаруды білдіртпеді. Басқа да ғимараттар салу 5.3%-ға өсті. Саланың бұлайша жоғары қарқынмен өсуі негізгі капиталға жұмсалатын инвестицияның 19.3%-ға (өткен жылы +2.6%) көбейгендігі, құрылыс жобаларының қолданысқа берілуі және мемлекет тарапынан тұрақты түрде көрсетіліп жатқан қолдаулардың арқасында орын алуда.

Ауыл шаруашылығы саласында өсу қарқыны 3.9%-ға дейін үдеді. Бұл мал шаруашылығы өнімдерінің негізгі түрлері өндірісінің 4.1%-ға артқандығына байланысты болды.

Өнеркәсіп секторында жағдай біркәнді емес. Ол 1.6%-ға өсті. Тау-кен өндірісі саласында өсім 1.2%-дан 0.5%-ға дейін баяулады. Өткен жылмен салыстырғанда көмір (-15%) және темір кендерін өндіру (-29.8%) азайып кетті. Алайда түсті металдар (+7.6%) мен басқа да пайдалы қазбаларды өндіру (+12.9%) бұл қысқаруларды білдіртпеді.

Сонымен қатар шикі мұнай мен газ өндірісі өткен жылғы деңгейінде қалды. Бұған біздің пікірімізше, ҚКК-да мұнай жөнелту бойынша кезекті проблеманың туындауы әсер етті.

Өңдеуші салада Өнеркәсіптік өндіріс индексінің өсімі 2.5%-ды құрады. Сектордың бұлайша өсуі тоқыма бұйымдарының (+54.1%), электр құрылғыларының (+48.7%), жеңіл өнеркәсіптің (+34.3), машина жасаудың (+31.5%) және сусын шығарудың (+22.6%) қарқынды өндірісі арқасында қамтамасыз етілді. Металлургия (-11.3%) және темекі бұйымдары өндірісі (-2.6%) керісінше қысқарды.

Қызметтер көрсету секторындағы салқындық негізгі салалардағы өсу қарқынының бәсеңдеуі есебінен орын алды. Қаңтардағы «шарықтаудан» кейін осылай болуы заңды құбылыс.

Айталық, телекоммуникация және байланыстағы өсім 18.1%-дан 12.0%-ға, сауда 19.4%-дан 11.5%-ға, көлік және қоймаға жинап қою 8.0%-дан 6.1%-ға дейін бәсеңдеді.

Байланыс саласы интернет (+22.3%) және теледидар (+16.5%) желілері қызметі арқасында өсуде. Өйткені олардың дамуына мемлекеттік бағдарламалар мен жоспарлар арқылы қолдау көрсетілуде.

Көтерме және бөлшек **саудада да** өсу қарқыны төмендеуде. Бұл ретте бөлшеке саудаға азық-түлік тауарлары жағымсыз әсер етуде. Өйткені олардың сатылым деңгейі -5.5%-ға дейін азайды. Бұған халықтың нақты табыстарының түсіп, бағаның айтарлықтай өскендігі себеп болуда. Көтерме сегментте азық-түлік және азық-түлікке жатпайтын тауралардың сатылымы тұрақты түрде өсуде.

Көлік және қоймаға жинап қою салаларында әсіресе жолаушылар тасымалы (+19.0%) мен жолаушы айналымында (+33.8%) жақсы көрсеткіштер тіркелді. Соның нәтижесінде кәсіпорындардың тасымалдаудан түскен табыстары 738.0 млрд теңгені құрады.

Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, Jusan Analytics есептеулері

ҚЭИ-дің өткен жылдың сәйкес кезеңіне қатысты пайыздық өзгерісі	2019	2020	2021	2022	2023
Қаңтар	2.9	4.4	-5.8	3.0	5.0
Қаңтар-ақпан	3.6	4.9	-4.0	5.5	4.0
Қаңтар-наурыз	4.2	4.3	-1.8	6.5	
Қаңтар-сәуір	4.1	1.2	1.2	6.0	
Қаңтар-мамыр	3.7	-0.5	2.0	5.9	
Қаңтар-маусым	4.3	-1.0	2.9	4.5	
Қаңтар-шілде	4.4	-2.7	3.7	4.0	
Қаңтар-тамыз	4.8	-2.9	3.9	3.7	
Қаңтар- қыркүйек	4.7	-2.5	4.1	3.5	
Қаңтар- қазан	4.7	-2.8	3.9	3.1	
Қаңтар- қараша	4.7	-2.6	4.1	3.2	
Қаңтар- желтоқсан	5.0	-2.4	4.5	3.5	



2023 қаңтар-ақпанының қорытындылары: өңірлік даму

Қаңтар - ақпанда экономикалық тұрғыда ең жақсы

дамыған өңірлер: Алматы (+26.4%), сондай-ақ Абай (+13.1%), Ұлытау (+12.9%) және Жетісу (+10.5%) облыстары болды.

Алматыда экономиканың дамуын сауда (+36.6%) және өнеркәсіп (+23.9%) салалары қамтамасыз етті. Абай мен Ұлытау облыстарында өсудің басты қозғаушы күштері байланыс саласы болды. Ал Жетісу облысында сауда саласы рекордтық өсімді көрсетті.

8 облыста экономиканың дамуы бәсеңдеді.

Экономиканың құлдырауы Қарағанды (-6.7%) және ШҚО облыстарында байқалды. Бұған мұнай, темір кендерін, мыс және мырыш концентраттарын өндірудің төмендегені, сондай-ақ осы өңірлерде металлургия өндірісінің бәсеңдегені себеп болды.


Егер экономика салаларының дамуын өңірлер бойынша қарайтын болсақ, онда ауыл шаруашылығы, сондай-ақ көлік және қоймаға жинап қою әсіресе ШҚО-да дамыды (+19.5%).

Алматы мен СҚО-да өнеркәсіп секторының өскені байқалды. Бұған әрине, дәрі-дәрмектер, шоколад, автокөлік және ұн өндірісінің өскендігі негіз болды.

Құрылыс бәрінен бұрын Жамбыл мен Маңғыстау облыстарында дамыды. Көтерме және бөлшек сауда, ақпараттық-коммуникациялық технологиялар және байланыс салалары ең жоғары өсімді Жетісу облысында көрсетті.

Өңірлер бойынша 2023 жылдың қаңтар-ақпанындағы ҚЭИ өсімі

Қазақстан бойынша **+4.0%** (+5.5%)*



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ

*жақшада 2022 жылдың қаңтарының деректері көрсетілген

Алматы **+26.4%** (-0.3%)

Астана **+3.1%** (+4.2%)

Шымкент **+7.0%** (+1.7%)



Облыстар тұрғысында ҚЭИ және экономиканың басты салалары


Дереккөз: ҚР СЖПА ҮСБ, Jusan Analytics есептеулері

2023 жылдың қаңтар-ақпаны

Абай облысы ҚЭИ: 13.1% Ауыл шаруашылығы: 1.6% Өнеркәсіп: 15.6% Құрылыс: 25.3% Ішкі сауда: 2.1% Көлік және қоймалау: 4.3% Байланыс: 43.6%	Ақмола облысы ҚЭИ: 8.2% Ауыл шаруашылығы: 6.7% Өнеркәсіп: 9.7% Құрылыс: 10.8% Ішкі сауда: 7.7% Көлік және қоймалау: -2.4% Байланыс: 22.8%	Ақтөбе облысы ҚЭИ: -0.1% Ауыл шаруашылығы: 1.2% Өнеркәсіп: -1.4% Құрылыс: 27.8% Ішкі сауда: -9.8% Көлік және қоймалау: 12.8% Байланыс: 13.9%
Алматы облысы ҚЭИ: 8.7% Ауыл шаруашылығы: 0.4% Өнеркәсіп: 13.8% Құрылыс: 8.3% Ішкі сауда: 19.6% Көлік және қоймалау: -12.1% Байланыс: 23.6%	Атырау облысы ҚЭИ: -0.2% Ауыл шаруашылығы: 1.8% Өнеркәсіп: 2.8% Құрылыс: 18.9% Ішкі сауда: -26.3% Көлік және қоймалау: 1.1% Байланыс: 22.7%	Батыс Қазақстан облысы ҚЭИ: -1.2% Ауыл шаруашылығы: 5.0% Өнеркәсіп: -2.2% Құрылыс: 1.7% Ішкі сауда: 9.9% Көлік және қоймалау: 6.5% Байланыс: 27.8%
Жамбыл облысы ҚЭИ: -0.2% Ауыл шаруашылығы: 1.8% Өнеркәсіп: 4.6% Құрылыс: 75.2% Ішкі сауда: 0.9% Көлік және қоймалау: -16.1% Байланыс: 18.7%	Жетісу облысы ҚЭИ 10.5% Ауыл шаруашылығы: 1.9% Өнеркәсіп: 11.8% Құрылыс: -9.8% Ішкі сауда: 63.3% Көлік және қоймалау: -3.7% Байланыс: 47.2%	Қарағанды облысы ҚЭИ: -6.7% Ауыл шаруашылығы: 5.2% Өнеркәсіп: -10.9% Құрылыс: 1.5% Ішкі сауда: 26.0% Көлік және қоймалау: 26.2% Байланыс: 15.3%
Қостанай облысы ҚЭИ: -2.7% Ауыл шаруашылығы: 5.7% Өнеркәсіп: -5.6% Құрылыс: 7.6% Ішкі сауда: 2.7% Көлік және қоймалау: 8.6% Байланыс: 18.6%	Қызылорда облысы ҚЭИ: 0.0% Ауыл шаруашылығы: 1.9% Өнеркәсіп: -1.0% Құрылыс: 21.3% Ішкі сауда: 2.0% Көлік және қоймалау: -0.7% Байланыс: 14.6%	Маңғыстау облысы ҚЭИ: 6.3% Ауыл шаруашылығы: 9.2% Өнеркәсіп: 3.5% Құрылыс: 55.6% Ішкі сауда: 20.1% Көлік және қоймалау: 12.1% Байланыс: 15.7%
Павлодар облысы ҚЭИ: 4.2% Ауыл шаруашылығы: 4.7% Өнеркәсіп: 3.1% Құрылыс: -17.0% Ішкі сауда: 4.0% Көлік және қоймалау: 24.2% Байланыс: 20.4%	Солтүстік Қазақстан облысы ҚЭИ: 9.8% Ауыл шаруашылығы: 4.1% Өнеркәсіп: 17.2% Құрылыс: 4.3% Ішкі сауда: 0.9% Көлік және қоймалау: 7.3% Байланыс: 21.4%	Түркістан облысы ҚЭИ: -0.6% Ауыл шаруашылығы: 0.8% Өнеркәсіп: 7.6% Құрылыс: 2.8% Ішкі сауда: 8.5% Көлік және қоймалау: -20.3% Байланыс: 13.5%
Ұлытау облысы ҚЭИ: 12.9% Ауыл шаруашылығы: -0.3% Өнеркәсіп: 13.2% Құрылыс: 3.6% Ішкі сауда: 14.3% Көлік және қоймалау: 12.5% Байланыс: 43.8%	Шығыс Қазақстан облысы ҚЭИ: -2.9% Ауыл шаруашылығы: 19.6% Өнеркәсіп: -6.6% Құрылыс: 8.2% Ішкі сауда: 6.8% Көлік және қоймалау: 34.8% Байланыс: 9.5%	Астана ҚЭИ: 3.1% Сельское хозяйство: Ауыл шаруашылығы Промышленность: Өнеркәсіп Строительство: Құрылыс Внутренняя торговля: Ішкі сауда Транспорт и складирование: Көлік және қоймалау Связь: Байланыс
Алматы ҚЭИ: 26.4% Ауыл шаруашылығы: 0.4% Өнеркәсіп: 23.9% Құрылыс: 2.7% Ішкі сауда: 36.6% Көлік және қоймалау: 8.5% Байланыс: 7.7%	Шымкент ҚЭИ: 7.0% Ауыл шаруашылығы: 2.2% Өнеркәсіп: 7.0% Құрылыс: 11.8% Ішкі сауда: 7.0% Көлік және қоймалау: 5.9% Байланыс: 29.2%	




ҚЭИ және тауар өндірісі секторына кіретін салалардың өзгеруінің шоғырланымдық серпіні



Дереккөз: ҚР СЖРА ҰСБ, Jusan Analytics есептеулері

ҚЭИ және көрсетілетін қызметтер өндірісі секторына кіретін салалардың өзгеруінің шоғырланымдық серпіні



Источник: БНС АСПИР РК, расчеты Jusan Analytics



Автор: Клара Сейдахметова (K.Seidakhmetova@jusan.kz)

Жауапкершілікті шектеу:

Jusan Analytics - «Jusan Bank» АҚ аналитикалық құрылымдық бөлімшесі.

Бұл таза ақпараттық сипатқа ие жұмыс. Сонымен қатар бұл Jusan Analytics тарапынан қандай да бір есеп-қисап беру емес, сондай-ақ іскерлік, қаржылық, инвестициялық, заңдық, салықтық немесе басқа да кәсіптік консультациялар және көрсетілетін қызметтер ұсыну бойынша ұсынысқа немесе қандай да бір ұмтылысқа жатпайды. Материал біз сенімді деп санаған, шынайы әрі ашық ақпарат көздерінен алынған мәліметтерге негізделген. Алайда біз келтірілген мәліметтерді мінсіз деп айта алмаймыз.

Оқырмандар дербес қаржылық шешім қабылдау үшін осы жұмыстағы мәліметтерді пайдаланғандары үшін біз жауапты болмаймыз. «Jusan Bank» АҚ Jusan Analytics тұлғасында жарияланымдағы ақпараттарды тұрақты түрде жаңартып тұруға немесе ондағы ықтимал дәлсіздіктерді түзету үшін өзіне міндеттеме алмайды. Осы ретте аталмыш жұмыстың құрамындағы мәліметтер толық, түпкілікті болып саналмайды және алдын ала ескертусіз кез келген уақытта өзгертілуі мүмкін.

Бұл жұмыстағы жарияланған ақпарат жеке пайдалануға қолжетімді, бірақ коммерциялық тұрғыда таратуға арналмаған және Jusan Analytics-тің алдын ала жазбаша рұқсатынсыз оны толығымен немесе ішінара қайта жаңғыртуға, жолдауға және жариялауға болмайды.

Материалды пайдалану мәселесі бойынша Jusan Analytics-ке жүгініңіз:

Қазақстан Республикасы, Алматы қ.
A25D5F7, әл-Фараби даңғылы, 36, В блогы, 6 қабат.
analytics@jusan.kz